тіл грамматикалық құрылымдар мен сөздік қордың (лексико-грамматикалық минимумның) бірлескен қызметі арқылы тұлғаның әлеуметтік ортада өзіне тән қабілетін таныта алу, психологиялық еркін қарым-қатынас орната білу және креативтік пайым мен сын тұрғысынан ойлау амал-тәсілдерін игеру құралы ретінде сөз болады. Осы тұрғыдан келгенде, тілдік білімнің тиімділігі оқушының сөйлеу әрекетіндегі белсенділігімен, тілдік сенімділігімен және өз ойын нақты жеткізе алу қабілетімен өлшенеді. Сондықтан оқыту үдерісінде оқушының коммуникативтік дағдысының қалыптасуы тілді еркін, дұрыс қолдана алуынан, өмірлік жағдаятқа икемделуінен және вербалды әрекетке дайын болуынан көрінеді.

Алайда, қазіргі мектеп тәжірибесінде лексика-грамматикалық материалдардың тілдік қатысымдық әрекетпен үйлесімді берілмеуі оқыту нәтижесінің сапасыздығын көрсетіп отыр. Мұндай әдіснамалық біржақтылық оқушыны дыбыс пен сөздерді жаттауға үйреткенімен, олардың тіл бірліктерін нақты өмірлік жағдаятта қолдана білу дағдысын дамытпайтыны анық. Көп жағдайда оқушының сөздік қоры жеткілікті болғанымен, олардың сөйлесім әрекетіне еркін қатысуға психологиялық тұрғыдан дайын емес екені байқалды. Бұл білім мазмұны мен тілдік әрекеттің арасында әдіснамалық үзіліс бар екенін аңғартады. Бұдан шығатын қорытынды, тілді оқытуда когнитивтік, эмоциялық және жағдаяттық ерекшеліктер ескеріліп, мотивацияға негізделген, әрі тұлғаға бағдарланған әдістемелік тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Материалдар мен негізгі әдістер.

Соңғы жылдары тіл мен ми арасындағы табиғи байланысты зерттейтін нейролингвистикалық тәсілдер тіл үйретудің инновациялық бағыты ретінде ғылыми айналымда кеңінен жүзеге асырылып келеді (Оразбаева, 2025: 12). Бұл тәсілдер тілді меңгеру әрекетін оқушының когнитивтік процестермен, пайымдық жадымен, эмоциялық-экспрессивтік күйді назарда ұстау қалыбымен, сөйлеу моторикасымен, қабылдау және жоспарлау қабілеттерімен тығыз байланыста жүзеге асырады. Нейролингвистикалық модельдер тілді оқыту барысында оқушының ішкі сөйлеу механизмдерін, вербалды импульстерін, есте сақтау жолдарын және жүйелі ойлау қабілетін белсендіруге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер сөйлеу әрекетін бейсаналық және автоматтандырылған түрде дамыта отырып, тілді табиғи, функционалды және контекстке сәйкес амалдармен меңгеруді қамтамасыз етеді. Дилтс (2016) атап атқандай: «Нейролингвистикалық бағдарламалар оқу үдерісін нақты өмірлік үлгілер мен қарым-қатынаста сенім қалыптастыру әдістерін қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын елеулі түрде жетілдіреді» (Dilts, 2016: 23).

Аталған тәсілдің ерекшелігі: нейролингвистика оқушының тілді меңгеру қабілетін шаблондық жаттаудан гөрі, қатысымдық жағдаяттарда нақты тілдік әрекетке қатысу арқылы дамытуды көздейді. Бұл тәсілдер оқушының сөйлеуге деген ішкі сенімділігін, эмоциялық күйін, тілдік белсенділігін, рефлексиялық дағдысын күшейтіп, жеке тұлғаның өзіне тән ерекшеліктеріне, психологиялық жай-күйіне айырықша мән береді. Мұндай жүйе білім алушыны жай «тілдік ереже» жаттаушыдан – «еркін сөйлейтін тұлғаға» айналдыруға

ықпал етеді. Тілді «білім алумен» қатар, «әрекет» ретінде қарастыратын бұл тәсілдер оқушыны сөйлеуге икемдеп қана қоймай, білім алушының *ішкі ой-жүйесін, қиялдың себеп-салдарын, сөйлеу дағдысы мен қабілетін және тұлғалық белсенділігін* арттырады.

Нейролингвистикалық әдістер сөйлеу әрекетінің *моторлық, аудио-визуалды, вербалды, логикалық және эмоциялық* компоненттерін қатар дамытатын кешенді тәсілдер жүйесін құрайды. Атап айтқанда, олар визуалды ой тітіркендіргіштерін (сурет, бейне), есту сигналдарын (аудиоматериалдар), тактильді немесе қозғалыс жаттығуларын, тұлғаның нейроқызметін белсендіре келіп, білім алушының сөйлеу өрісін кеңейтеді. Бұл тілдік білімнің негізінде сөйлесім әрекеттерін *нейрокогнитивтік процестермен* ұштастыра отырып меңгерудің тиімді екенін дәйектейді.

Тіл үйретудегі басты мәселенің бірі – оқушының *сөйлеуге деген ішкі мотивациясын ояту және оның өз еркімен тілдік әрекетке араласуын* қамтамасыз ету. Бұл әрекеттерде *педагогикалық бақылау, вербалды өнімді жан-жақты сипаттау, оқушының сөйлеу үлгілерін интерпретациялау, сондай-ақ эмоциялық-рефлексивтік көрсеткіштерді бағалау* тәсілдері маңызды рөл атқарады. Тілді игеруді тек тестік көрсеткіштермен немесе грамматикалық дәлдік сандармен бағалау – оқушының тілді меңгеру қабілетін толық және шынайы көрсете алмайды. Сондықтан *интуитивті, динамикалық, жеке-дара даму амалдарды ұсынатын өзгерістерге* назар аудару – бүгінгі күн талабы.

Аталмыш мақалада көзделген басты мақсат – *жалпы білім беретін мектеп жағдайында әр түрлі нейролингвистикалық тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытатын амал-тәсілдерді зерделеу және оны тәжірибе жүзінде сипаттау*. Осы тәсілдердің *коммуникативтік құзыреттілікті арттырудағы сапалық белгілерін педагогикалық бақылау негізінде талдау және оқушының тілдік сөйлеу әрекетіне ықпал ететін тиімді әдістер жүйесінің үлгілік нұсқасын ұсыну*.

Ғылыми-практикалық жұмыс нейролингвистикалық тәсілдердің тиімділігін тілдік мысалдармен түсіндіру арқылы мектеп тәжірибесіне енгізуге болатын тың жаттығулар жүйесін оқу үдерісіне енгізуді көздейді.

Тіл үйрену барысында қалыптасатын коммуникативтік дағдылар ой мен тілдесудің, мый мен пайымның, тіл мен сөздің бірлескен қызметіне негізделеді. Білім алушының бойында рухани құндылықты меңгертуге бағытталған әр түрлі дағды түрлері нейролингвистикалық тәсілдерді пайдалану арқылы қатысымдық құзыреттілікті дамытады.

Жаңашыл нейролингвистикалық тәсілдерді енгізу арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыта оқыту оқу сапасын арттырады.

Атап айтқанда, «Қазақ тілі» сабағында төмендегі *нейролингвистикалық тәсілдерді оқыту жүйесінде* пайдалануға болады:

«Эмоциялық бояу» тәсілі

Мақсаты: Интонация мен эмоциялық реңктерді сөйлеу барысында интеграциялау.

Амалы: Оқушылар сөйлемді әртүрлі эмоциямен айту арқылы өз ой-пікірін түрлі мағыналық реңкте жеткізе алады (қуаныш, таңданыс, сенімсіздік, үрей, қорқыныш т.б.).

Мысалы: «Мен бүгін «Қазақфильм» студиясы шығарған «Оян, Қазақ» киносын көрдім» сөйлемін әртүрлі эмоциямен айту ұсынылады.

«Нейро-ассоциациялық карта» тәсілі

Мақсаты: Лексикалық қорды және ассоциациялық ойлауды дамыту.

Амалы: Бір сөз ұсынылып, оқушылар сол сөзбен үш ассоциациялық бейне немесе сөз тіркестерін ойлап тауып, оларды сөйлем құрау үшін пайдаланады.

Мысалы: Негізгі сөз: «Мектеп». Ассоциациялар: кітап, мұғалім, сабақ. Үлгі сөйлем: «Мектепте мұғалім әр түрлі тақырып бойынша сабақты қызықты түсіндіреді, біз кітап оқып, өз ойымызбен бөлісеміз».

«Сөйлеу барысында қимыл-қозғалысты орнықтыру» тәсілі (кинестетикалық интеграция)

Мақсаты: Сөйлеу мен қозғалыс әрекеттерін біріктіру арқылы қарым-қатынастағы сөйлеу сенімділігін арттыру.

Амалы: Оқушылар құрастырған сөйлемдерін қимылмен көрсетеді.

Мысалы: «Мен сурет салуды ұнатамын» деген сөйлемді оқушы қимыл-қозғалыспен, өзіндік әрекет арқылы физикалық қалыпта бейнелеп көрсетеді.

«Жедел жауап» тәсілі

Мақсаты: Сөйлеу реакциясын тездету арқылы нейрондық байланыстарды дамыту.

Амалы: Мұғалім сөйлемді бастап айтады, оқушы 3 секунд ішінде оның мағынасын сақтай отырып, ойды жалғастырады.

Мысалы: Мұғалім: «Қалада «Экологиялық тазалық» атты...», оқушы: «сенбілік жүріп жатыр, біз де қатысайық».

«Лексикалық нейрожелілер» тәсілі

Мақсаты: Лексикалық қорды семантикалық жағынан кеңейту.

Амалы: Берілген ортақ сөзбен байланыстырып, оқушылар 2 – 3 сөз тіркесін табады, онымен сөйлем құрайды.

Мысалы: «Отбасы» сөзі бойынша: береке, қамқор, мейірімді. Сөз тіркестері: «Отбасы берекесі. Қамқор отбасы. Мейірімді адам». Сөйлем: «Отбасымыз бізге қамқоршы, біздің үйде береке бар, адамдардың бәрі мейірімді».

«Просодикалық акцент» тәсілі

Мақсаты: Сөйлеуде логикалық екпінді дұрыс қою арқылы мағынаны өзгерту.

Амалы: Сөздердің екпінін әр түрлі қою арқылы сөйлемнің мағынасы өзгереді.

Мысалы: «Театрға барғым келеді» сөйлемінде сөздерге әртүрлі екпін қою арқылы мағынаны өзгерту керек. («Театрға барғым келеді», «Театрға барғым келеді», «Театрға барғым келеді»).

Нейролингвистикалық тәсілдер сапалық парадигмаға негізделеді. Ізденіс барысында педагогикалық бақылау, мұғалімнің сипаттамалық жазбалары, оқушылардың рефлексиялық пікірлері және сөйлесім әрекеттерін аудиожазба

арқылы рәсімдеу тәрізді әдістер басшылыққа алынады. Бұл әдістер коммуникативтік құзыреттіліктің динамикалық өрісін жан-жақты игеруге мүмкіндік береді.

Педагогикалық бақылау:

Мұғалім немесе жетекші оқушылардың пікірлесім мен сөйлесімге қатысу белсенділігін, коммуникативтік әрекетке тән креативтік бастамаларын, сөйлеу ұзақтығын, интонациялық ерекшеліктерін және тілдік кедергілерін бақылап, арнайы сипаттамалық бақылау парағын толтырып отырады.

Аудиожазбалар арқылы сөйлеу әрекетін талдау:

Сабақ барысында оқушылардың сөйлеу әрекеттері аудиожазбаға түсіріледі. Кейін бұл жазбалар сөйлем құрылымының түрлері, грамматикалық және лексикалық дәлдігі, интонациялық көркемдігі мен сөйлеу қарқынына қатысты жан-жақты талданады.

Оқушының рефлексиялық пікірлері:

Әрбір сабақ соңында оқушылар жазбаша қысқа рефлексия жұмысын орындайды. Рефлексия барысында оқушылар «Мен бүгін қандай жаңа сөз үйрендім?», «Маған қай тапсырма қызықты болды?», «Қандай жағдайда сөйлесуге қиналдым немесе мен неге еркін сөйлей алмадым?», «Келесі сабақта нені қалаймын?» деген т.б. сұрақтарға жауап жазып, өз пікірлерін ашық айтады.

Мұғалімнің сипаттамалық жазбалары:

Мұғалім сабақ аяқталғаннан кейін оқушылардың тілдік және коммуникативтік әрекетіне байланысты толық сипаттамалық жазба жұмысын жүргізуі тиіс. Бұл жазбалар оқушылардың сабақтағы тілдік қарым-қатынасының динамикасын бақылауға және талдауға мүмкіндік береді.

Салыстырмалы сапалық талдау:

Сабақ басында (бірінші сабақта) және соңында (соңғы сабақта) алынған аудиожазбалар мен мұғалімнің сипаттамалық жазбалары салыстырылып, оқушылардың сөйлеу әрекетіндегі сапалық өзгерістер талданады. Талдау оқушылардың сөйлеу мотивациясы, сөйлем құрауға деген икемділігі, сөздік қорды пайдалану қабілеті, интонациялық ерекшеліктер және қарым-қатынас барысындағы сенімділігі сияқты негізгі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі.

Нәтижелер

Әр сабақтың құрылымы нәтижеге жетуге арналған төмендегідей кезеңдерден тұрады:

Кіріспе кезең → Негізгі коммуникативтік кешенді тапсырма → Жұптық немесе топтық жұмыс → Қателерді талдау және түзету → Оқушылардың рефлексиясы және Сабақты қорытындылау.

Сабақтың мазмұны мен тапсырмалар түрлері

Сабақты жүргізу барысында нейролингвистикалық тәсілдерге негізделген тапсырмалар әзірленеді. Олар оқушылардың коммуникативтік және когнитивтік әрекетін жандандыруға бағытталады. Мысалы, сабақта мынадай тапсырмалар нәтижеге жетуге себеп болады:

- *Визуалды стимулға негізделген сөйлеу:* суреттер, фотосуреттер немесе бейнежазбалар бойынша әңгімелесу және сипаттау тапсырмалары.

- *Жылдам сөйлеу реакциясы*: берілген сұраққа қысқа уақыт ішінде нақты әрі толық жауап беру.

- *Когнитивтік карталар*: мәтіннен тірек сөздерді бөліп алып, мазмұнды сол арқылы ауызша баяндау.

- *Диалогтік тапсырмалар*: күнделікті өмірлік жағдаяттарға байланысты жұптық диалог құрастыру.

- *Ассоциация әдісі*: ұсынылған бір сөзден бірнеше сөйлем немесе сөз тіркестерін айтылым мен жазылым әрекеттері арқылы орындау.

- *Интонациялық жаттығулар*: бір сөйлемді әртүрлі эмоцияларды білдіретін интонациямен (қуаныш, таңдану, күмән, сұрақ) айту жаттығулары.

Аталған әдістемелік кешен жұмыстары сабақта оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағыттала келіп, олардың жеке тұлғалық белсенділігін, тілдік қабілетін, өзіне деген сенімділігін, өмірлік жағдаяттарға сай сөйлеу ынтасын оятып, өз пікір-көзқарасын жеткізуге деген ішкі мотивациясын арттырады.

Талқылау

Тілдік қатынас барысында пікірлесуге деген ынтаның төмендігі, өз ойын еркін жеткізуге деген сенімсіздік, тілдік жағдаят кезіндегі эмоциялық бейімсіздік – тіл үйренушінің сөйлеу белсенділігін тежейтін психологиялық-педагогикалық факторлар. Сондықтан оқушының тілдік қатынас пен сөйлеу әрекетіне белсенді араласуы оның когнитивтік және эмоциялық дайындығымен, ішкі мотивациялық себеп-салдар деңгейімен байланысты қарастырылады.

Бұл мәселелердің жүзеге асуы оқушылардың сөйлеуге деген сенімділігін күшейтіп, тілдің функционалдық қызметін жоғарылатады. Сөйлесім әрекеті аясында оқушының коммуникативтік, когнитивтік және эмоциялық қабілеттерінің дамуы жеке тұлғаның бойында өзіне тән жаңа құзыреттіліктердің қалыптасуына әсер етеді.

Әдебиеттерге сипаттама

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тіл үйрету процесінің басты міндеті болып саналады. Коммуникативтік құзыреттілік – тілдік қарым-қатынаста оқушының білімі мен білігін әлеуметтік-мәдени жағдаяттарға сай еркін қолдана білу, өзін нақты әрі сенімді түрде көрсете білу, сондай-ақ пікірлесу, сөйлесу барысында өз ойын дәлелдеп жеткізе алу қабілеті. Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, ең алдымен, тілді қатынас құралы ретінде меңгеруге бағытталған теориялық және әдістемелік ұстанымдарды айқындап алуды қажет етеді.

Тілді оқытудағы коммуникативтік тәсілдің негіздері Hymes (1972) ұсынған коммуникативтік құзыреттілік моделінен бастау алады (Hymes, 1972: 44). Бұл модельде тіл үйренушінің грамматикалық және прагматикалық қабілеттерімен қатар, әлеуметтік жағдаяттарды тану және тілдік өзара әрекеттестікті қалыптастыру маңызды орын алады. Тілді меңгеру процесіндегі коммуникативтік құзыреттіліктің рөлі оқыту үдерісіндегі практикалық қолданыс аясынан көрініс табады. Нейролингвистика ғылымы тіл мен мидың өзара

байланысын қарастыра отырып, тілді меңгеру процесінде нейрокогнитивтік механизмдердің орны мен қызметіне мән береді. Angela Friederici (2017) тілдік ақпараттың мидағы нейрондық өңделуін синтаксистік, семантикалық және фонологиялық жағынан сөз етіп, сөйлеу процесінің неврологиялық негіздерін нақтылайды (Friederici, 2017: 57). Сондай-ақ, Hickok пен Poeppel (2016) зерделеген сөйлеуді қабылдаудың екі бағытты моделі (dual-stream model) сөйлесім үдерісінің мида қалай жүзеге асатынын баяндайды (Hickok & Poeppel, 2016: 94). Кейіннен бұл пікір нейролингвистикалық зерттеулерде кеңінен қолданыс тапқаны белгілі.

Бала тілі мәселесін зерттеген Patricia Kuhl (2010) сәбидің тілдік дыбыстарды ажырату қабілетінің сөйлеу процесіне әсер ету жолын қарастырады (Kuhl, 2010: 33). Оның зерттеулері тілдік тәжірибенің нейрондық бейімделу механизмдерінде қалай іске асқандығын көрсетті. Сонымен қатар, Goswami (2019) жүргізген зерттеулер сөйлеу қабілетін дамытудағы фонологиялық хабарламаның (phonological awareness) нейрокогнитивтік негіздерін баяндап, сөйлеу мен оқу дағдылары арасындағы байланысты анықтады (Goswami, 2019: 112).

Тілді меңгеру әрекетін когнитивтік құрылымдармен байланыстыратын нейролингвистикалық бағдарламаны (NLP) алғаш рет Grinder мен Bandler (1975) ұсынды. Бұл тәсіл адамның сөйлеу әрекетін оның ішкі когнитивтік үдерістерімен салыстыра сөз етеді (Grinder & Bandler, 1975: 19). Когнитивтік құрылымдардың «тілдік универсалий» құбылысымен уәжделетін танымдық фактор екенін айта келіп, тілші Эльмира Оразалиева: (2007.82.) «Тіл пішін мен мазмұн бірлігінен тұратын тілдік құралдардың жиынтығынан, олардың өзара байланысу ерекшелігінен құралған күрделі де универсалды құбылыс болғандықтан, ғалымдар оның құрылымдық-жүйелік өзгешелігін жеке салалық және салааралық зерттеулерге арқау етуде» деп, тіл ғылымының байланыс өрісінің кең екендігін атап көрсетеді (Оразалиева, 2007: 82).

Білім беру контекстінде коммуникативтік дағдының дамуы оқушының ішкі мотивациясы мен оның өзін-өзі бағалауына оң әсер ететін қатысымдық әрекеттен басталады: «Коммуникативтік әрекет сөз бен ойды меңгеруге түрткі болатын уәжден, білім мазмұны мен оның құрылымынан, тіл үйренушінің қабілетінен, іскерлік мінез-құлқынан тұрады» (Оразбаева, 2024: 165). Когнитивтік лингвистика және тілдік сана бойынша О.А. Kornilov (2011) тілдік құбылыстарды когнитивтік және психоэлеуметтік тұрғыдан талдай келіп, тілді меңгеруді мәдени және элеуметтік контекстпен байланыстырады (Kornilov, 2011: 27). Evans және Green (2006) тіл мен когниция ара қатынасын когнитивтік лингвистика қағидаттарымен ұштастырады (Evans & Green, 2006: 49). Бұл бағытта қазақстандық зерттеушілердің де бірқатар еңбектерін атап өтуге болады. Тілші Б.Айтбаева (2019) қазақ тілін когнитивтік тұрғыдан оқыту мәселелерін тілдік білім беру процесінде таным мен мәдениеттің сабақтастығымен байланыстырады (Айтбаева, 2019: 58). Г. Әміровағың (2021) пайымдауынша: «Тілдік тұлға – бұл тек лингвистикалық формалар жиынтығы

емес, ол когнитивтік модельдер жүйесі ретінде оқушының сөйлеу әрекетіне психофизиологиялық тұрғыдан ықпал етеді; сол арқылы тіл меңгеру процесінің тиімділігі артады» (Әмірова, 2021: 74).

Immordino-Yang және Gotlieb (2017) нейрпедагогикалық зерттеулерінде эмоцияның когнитивтік дамуға ықпалын дәйектеді (Immordino-Yang & Gotlieb, 2017: 102). Ол қоршаған ортаның нейрокогнитивтік белсенділікті арттыратынын, сондай-ақ оның сөйлеу мотивациясын нығайтуда шешуші рөл атқаратынын атап көрсетті. Аталмыш нейролингвистикалық тәсілдер оқыту практикасында эмоциялық компоненттің маңызын айқындауға мүмкіндік берді. Тілдерді оқытуда интонацияның рөлін зерттеген Pell және Kotz (2021) сөйлеудің просодикалық ерекшеліктерінің коммуникацияға тиімді ықпал ететінін анықтады (Pell & Kotz, 2021:88). Интонация сөйлеу барысында баяншының сөйлеу сенімділігін арттырып, коммуникативтік дағдысын бекітеді.

Ғылыми еңбектерге қатысты тұжырымдар.

Сонымен, шетелдік және отандық ғылыми-практикалық еңбектер білім беру тәжірибесінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін факторлар мен әдістерге назар аудару қажеттігін теориялық-практикалық тұрғыдан сөз етеді:

1. Нейролингвистикалық тәсілдер сөйлеу процесін тек тілдік тұрғыдан ғана емес, когнитивтік және психофизиологиялық жүйелер аясында қарастыруды көздейді.

2. Тілді оқыту деңгейінде коммуникативтік құзыреттілік функционалдық-қатысымдық әрекет сапасы ретінде игерілсе, ол жақсы нәтижеге жеткізеді.

3. Тілдік білім беру жүйесіне нейроәдістемелерді енгізу психоэмоциялық тұрақтылықты күшейтеді, сөйлеу мотивациясын және интонациялық икемділікті арттырады.

4. Заманауи педагогикалық үдеріске сай білім беру жүйесіне енгізілген нейролингвистикалық тәсілдер коммуникативтік құзыреттіліктің жаңа мазмұны мен қырларын ашады.

Сабақ барысында жүргізілген педагогикалық бақылау, аудиожазба сараптамасы, оқушы рефлексиясы мен мұғалімнің сабақтан кейінгі сипаттамалық жазбалары негізінде оқушылардың сөйлеу әрекетінде сапалық өзгерістердің пайда болғанын аңғаруға болады. Бұл өзгерістер білім алушылардың *тілдік қатынасқа араласу белсенділігі, сөйлеу мотивациясы мен эмоциялық еркіндігі, сөйлем құрау қабілеті* мен креативтік ойлауға икемділігі, *лексикалық қорының молдығы мен семантикалық өрісінің кеңдігі* бойынша бағаланады.

Оқушының **сөйлеу белсенділігінің артуына** *тілдік мотивация, эмоциялық еркіндік және когнитивтік қызығушылық* факторлары жағымды әсер етеді.

Тіл үйренушілердің сөйлесім әрекеттерінің белсенді болуы төмендегідей алғышарттарға байланысты дамиды:

- ішкі қажеттілік негізінде қалыптасатын сөйлеу мотивациясы нәтижесінде;

- эмоциялық-экспрессивтік ұғымдарға бай грамматикалық құрылымдар арқылы;
- логикалық байланыс пен сөздердің орын тәртібі жағынан бірыңғай реттіліктен тұратын синтаксистік тұтастық негізінде;
- тілдік қатынас барысында пассив қордағы сөздердің лексика-семантикалық белсенділігі арқылы;
- сөйлеу барысында ойды дәл және айқын жеткізетін мағыналық реңктердің дұрыс қолданылуы бойынша;
- сөйлеу кезіндегі екпін, ритм, пауза дағдыларын сақтайтын интонациялық бейімділік арқылы.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, **сөйлеу мотивациясының жоғарылауы** келесі үдерістерге байланысты өрбиді:

- сөйлеуге *өз еркімен* қатысуға ұмтылу;
- *пікір білдіруге деген ықыласының* артуы;
- сөйлеу барысында *модальді сөздер мен эмоционалдық-бағалауыштық құрылымдардың* жиі қолданылуы арқылы (мысалы: «маған ұнайды», «мен ойлаймын», «қызықты екен», «меніңше...»);
- *интонация, дауыс ырғағы* арқылы мағыналық екпіннің дұрыс қойылуы.

Сөйлеу мотивациясының артуы тек тілдік белсенділікті қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушының *коммуникативтік тұлға ретінде қалыптасуына, тілдік ортаны меңгеруіне* жол ашады.

Білім алушының сөйлеу мотивациясы оның *жеке тұлғалық мінез-құлқымен, ой-көзқарасымен* үйлесім таба келіп, күнделікті өмірге қажет іскерлік дағдының қалыптасуына әсер етеді. Оқушы үшін коммуникативтік әрекет *өзіндік дара қабілетін көрсетуден, жинаған тәжірибесін бөлісе білуден және тілдік қарым-қатынаста белсенді рөл атқара алуынан* көрінеді.

Оқушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытатын көрсеткіштің бірі — тіл үйренушінің ой-жүйесі арқылы *сөйлем құрау қабілеті* мен орын тәртібі жағынан *синтаксистік бірліктерді жұмсауға икемділігі*. Сөздердің байланысы мен байламы, еркін және тұрақты тіркестердің орын тәртібі, сөйлем құрылымынан тұратын *синтаксистік бірліктерді жұмсау аясындағы Баяншы икемділігі* мәтін мазмұнының күрделене түсуіне себеп-салдар болады. Тілдік тұлғалардың мәтін бойындағы семантикалық өрісті кеңейтуі оқушының құзыреттілік білігі мен танымын арттырады. Тілді меңгеру үдерісінде синтаксистік құрылымдардың эмоционалдық-экспрессивтік реңктер арқылы күрделене түсуі — сөйлеу әрекетінің сапалық дәрежесін айқындайтын көрсеткіш. Осы өзгерістер зерттеу барысында бақылау әдістері және сөйлеу өнімдерін салыстырмалы-сипаттамалық талдау арқылы айқындалады.

Оқушылар айтар ойын терең жеткізу үшін лексика-семантикалық реңкі жоғары сөздерді (мысалы: «ықтимал», «байқалады», «мүмкін», «әсер етеді», «болжаймын») қолдану арқылы жетік деңгейге көтеріледі. Бұл — оқушылардың *лексикалық бірліктерді таңдау еркіндігі жетіліп, семантикалық реңктерді ажырата алатын дәрежеге көтерілгенін білдіреді*.

Сөйлеу әрекетіндегі лексикалық белсенділік — тіл үйренушінің бай сөздік қорды қажетті жағдаятқа сай орынды, дұрыс, түсінікті қолдана алу қабілетімен өлшенеді. Оқушылардың сөйлеу әрекетіндегі лексикалық бірліктің қолданым жиілігі сөз қолданудағы *әртүрлілік, семантикалық дәлдік, контекстке сәйкестік* сияқты сапалық параметрлерді көрсетеді.

Лексикалық белсенділік келесі өлшемдер бойынша бағаланады:

- *Синонимдік байыту* – бір мағынадағы сөздерді стильдік реңкпен алмастырып қолдану;

- *Тіркестік икем* – сөз тіркестерін дұрыс, әрі мағынаға сай құрастыру (мыс., «таза сөйлейді», «сабырмен жауап берді», «күтпеген жағдай»);


- *Контекстік дәлдік* – мағынаға сәйкес келетін сөзді таңдау арқылы сөйлем құрау;

- *Бағалауыштық элементтер* – сөйлемге эмоционалдық-экспрессивтік реңк қосатын сын есімдер мен етістіктердің қолданылуы;

- *Тақырыптық сөздік қор* – әр сабақта тақырыпқа сай жаңа сөздердің белсенді жұмсалуды (мыс., “табиғат”, “отбасы”, “кәсіп”, “жоба”, “жасанды интеллект” сияқты).

Лексикалық белсенділіктің артуы сөйлеу әрекетінің сапалық көрсеткіші ретінде ғана емес, оқушының тұлғалық тілдік бейнесін, шығармашылық ойлауын, сөз өнеріне бейімделу деңгейін де көрсетеді. Мұндайда лексикалық бірліктер сөйлем ішінде *семантикалық үйлестік пен стилистикалық үйлесімділікке* орай жұмсалады. Бұл үдеріс нейролингвистикалық тәсілдерге негізделген сөйлеу тапсырмалары арқылы жанданып, оқушының тілдік рефлексивтік қабілетін дамытуға мүмкіндік жасайды.

Зерттеу нәтижелерінің динамикасы бойынша визуалды талқылау.



1-график. Нейролингвистикалық тәсілдерді қолдану барысындағы оқушылардың коммуникативтік даму динамикасы

Графикте оқушылардың сөйлеу әрекетіндегі өзгерістер келесі көрсеткіштер бойынша берілген:

- *Сөйлеуге қатысу белсенділігі*
- *Сөйлеу мотивациясы мен эмоциялық еркіндік*
- *Сөйлем құрылымының синтаксистік бірліктер арқылы түрленуі*
- *Лексикалық белсенділік және семантикалық өріс*
- *Интонациялық икем мен сөйлеу сенімділігі*

Графиктің көлденең осі (*X-osi*) өткізілген сабақтардың реттілік санын көрсетеді (барлығы сегіз сабақ), ал тік осі (*Y-osi*) педагогикалық бақылау негізінде бағаланған оқушылардың тілдік дамуының орташа көрсеткіштерін пайыздық шкала бойынша (0–100%) білдіреді.

Графиктегі деректер бойынша мынадай қорытынды жасауға болады:

- Нейролингвистикалық тәсілдер оқушылардың сөйлеу дағдылары мен коммуникативтік құзыреттілігін арттыруда тиімді рөл атқарады.
- Көрсеткіштер сапасының тұрақты өсу динамикасы педагогикалық әдістеменің дұрыстығын аңғартады.
- Оқу жүйесінде нейролингвистикалық тәсілдерді жиі қолдану коммуникативтік дағдыны қалыптастырады.

Қорытынды

Нейролингвистикалық тәсілдер оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытып, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға жан-жақты ықпал ететін ұтымды әдіс. Зерттеу барысында жүргізілген жүйелі педагогикалық бақылау, оқушы мен мұғалім рефлексиясы, сөйлеу өнімдерін сапалық талдау оқушылардың коммуникативтік белсенділігіне, сөйлеу мотивациясына, эмоциялық еркіндігі мен интонациялық-семантикалық үдерістерге оң өзгерістер әкеледі.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасауға болады:

1. Нейролингвистикалық тәсілдер оқушының сөйлеу белсенділігін арттырумен қатар, олардың психоэмоциялық жай-күйін жағымды деңгейге көтереді;
2. Сөйлеу дағдыларын дамытуда визуалды, кинестетикалық және аудиалды тапсырмалардың интеграциясы оқу сапасын жоғарылатуда маңызды рөл атқарады;
3. Коммуникативтік құзыреттілік оқушының сөздік қорын, тілдік білімі мен білігін, сауаттылық дәрежесін дамытумен қатар сөйлесім, тілдесім барысында өзіне деген сенімділігін күшейтіп, тұлғалық белсенділігін арттырады;
4. Педагогикалық бақылау мен сапалық сараптама өлшемдері білім алушының коммуникативтік дағдысын кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, ұсынылған нейролингвистикалық тәсілдер негізіндегі жаттығулар мен тапсырмалар, бақылау әдістері мен амалдар оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін тиімді әрі мақсатты түрде дамытуға мүмкіндік береді. Нейролингвистикалық әдіс-тәсілдер мен жаттығуларды оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу қазақ тілін оқытуға қатысты жаңашыл және тың қадам болып табылады.

Әдебиеттер

Айтбаева Б.М. (2019) Қазақ тілін когнитивтік тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. — Алматы: Қазақ университеті.

Әмірова Г.Ж. (2021) Тілдік тұлға мен когнитивтік модельдер: психолінгвистикалық аспектілер. — Алматы: Ғылым.

Dilts R. (2016) *Neuro-linguistic programming: Volume I*. Cupertino, CA: Meta Publications.

Evans V., Green M. (2006) *Cognitive linguistics: An introduction*. Edinburgh: Edinburgh University Press.

Friederici A.D. (2017) *Language in our brain: The origins of a uniquely human capacity*. — Cambridge, MA: MIT Press.

Goswami U. (2019) *Cognitive development and cognitive neuroscience: The learning brain*. Abingdon: Psychology Press.

Grinder J., Bandler R. (1975) *The structure of magic I: A book about language and therapy*. Palo Alto, CA: Science and Behavior Books.

Hickok G., Poeppel D. (2016) Neural basis of speech perception: The dual-stream model. *Nature Reviews Neuroscience*, 17 (7). — P. 393–404.

Hymes D. H. (1972) On communicative competence. In J. B. Pride & J. Holmes (Eds.), *Sociolinguistics: Selected readings*. — P. 269–293. Harmondsworth: Penguin.

Immordino-Yang M.H., Gotlieb R. (2017) Embodied brains, social minds, cultural meaning: Integrating neuroscience, psychology, and education. *Educational Psychologist*, 52 (3). — P. 205–219.

Kornilov O.A. (2011) *Language consciousness and linguistic worldview: Theory and applications*. Berlin: De Gruyter Mouton.

Kuhl P.K. (2010) Brain mechanisms in early language acquisition. *Neuron*, 67 (5). — P. 713–727.

Оразалиева Э. (2007) Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. — Алматы: Ан-Арыс.

Оразбаева Ф. (2024) Тіл кеңістігі: Ғылыми-әдістемелік зерттеулер. — Алматы: Кемел Кітап.

Оразбаева Ф. (2025) Нейролингвистика мен коммуникативтік тіл білімінің байланысы: методология мен әдістеме. Тілтаным. Хабаршы, — № 1.

Pell M.D., Kotz S.A. (2021) The neural basis of prosody in communication. *Neuroscience & Biobehavioral Reviews*, 124. — P. 120–137.

References

Aitbaeva B.M. (2019) *Qazaq tilin kognitivtik turgidan oqytudyn gylymi-ädistemelik negizderi [Scientific-methodological foundations of teaching Kazakh from a cognitive perspective]*. — Almaty: Qazaq universiteti. (in Kazakh)

Ämirova G. Zh. (2021) *Tildik tulğa men kognitivtik modelder: psiholingvistikalıq aspektiler [Language personality and cognitive models: psycholinguistic aspects]*. — Almaty: Ğylym. (in Kazakh)

Dilts R. (2016) *Neuro-linguistic programming: Volume I*. Cupertino, CA: Meta Publications. (in English)

Evans V., Green M. (2006) *Cognitive linguistics: An introduction*. Edinburgh: Edinburgh University Press. (in English)

Friederici A.D. (2017) *Language in our brain: The origins of a uniquely human capacity*. Cambridge, MA: MIT Press. (in English)

Goswami U. (2019) *Cognitive development and cognitive neuroscience: The learning brain*. Abingdon: Psychology Press. (in English)

Grinder J., Bandler R. (1975) *The structure of magic I: A book about language and therapy*. Palo Alto, CA: Science and Behavior Books. (in English)

Hickok G., Poeppel D. (2016) Neural basis of speech perception: The dual-stream model. *Nature Reviews Neuroscience*, 17 (7). — P. 393–404. (in English)

Hymes D.H. (1972) On communicative competence. In J. B. Pride & J. Holmes (Eds.), *Sociolinguistics: Selected readings*. — P. 269–293. Harmondsworth: Penguin. (in English)

Immordino-Yang M.H., Gotlieb R. (2017) *Embodied brains, social minds, cultural meaning*:

Integrating neuroscience, psychology, and education. *Educational Psychologist*, 52 (3). — P. 205–219. (in English)

Kornilov O. A. (2011) *Language consciousness and linguistic worldview: Theory and applications*. Berlin: De Gruyter Mouton. (in English)

Kuhl P. K. (2010) Brain mechanisms in early language acquisition. *Neuron*, 67 (5). — P. 713–727. (in English)

Orazalieva E. (2007) *Kognitivtik lingvistika: qalaptasuy men damui* [Cognitive linguistics: formation and development]. —Almaty: An-Aris. (in Kazakh)

Orazbaeva F. (2024) *Til kenistigi: ғылыми-әдістемелік зерттеулер* [Language space: scientific-methodological research]. —Almaty: Kemel Kitap. (in Kazakh)

Orazbaeva F. (2025) *Neirolingvistika men kommunikativtik til biliminiń baylanısı: metodologiya men әдіsteme* [Neuro-linguistics and its relation to communicative language teaching: methodology and methods]. *Tiltanym. Habarshy*, № 1. (in Kazakh)

Pell M.D., Kotz S.A. (2021) The neural basis of prosody in communication. *Neuroscience & Biobehavioral Reviews*, 124. — P. 120–137. (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 25.08.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

37,0 п.л. Тираж 300. Заказ 4.